

Мемлекеттік және мемлекеттік
емес үйымдарда құжаттама
жасаудың және құжаттаманы
басқарудың
улгілік қағидаларына
7-қосымша

**«Сырдария» университеті
Ғылыми кеңесінің кезектен тыс
мәжілісінің №5 хаттамасы**

Жетісай қаласы

11.11.2021 жыл

Төраға: «Сырдария» университетінің ректоры м.а., философия докторы (PhD), Тоқмұраев Бақыт Салманұлы.

Фалым хатшы м.а.: философия докторы (PhD) Перизат Әділбекқызы Абдуразова.

Қатысқандар: қатысу парагы бойынша кеңес мүшелері.

КҮН ТӘРТІБІ:

1.Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2021» конкурсына «Сырдария» университетінің профессор-оқытушылар құрамынан үміткерлерді ұсыну туралы

Төраға: Бүгінгі кезектен тыс шақырылған Ғылыми кеңес мәжілісінің күн тәртібіндегі өзекті мәселе - Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2021» атағын беру конкурсына «Сырдария» университетінің профессор-оқытушылар құрамынан үміткерлерді ұсыну. Бірнеше үміткерлерден өтініш түсті. Конкурсқа ұсынылған құжаттарды ЖЖОКБҰ қызметкерлері мен ОПҚ қатарынан құрылған сараптамалық топ комиссиясы қарастырып, комиссия шешімімен «Филология» кафедрасының қауымдастырылған профессор м.а., ф.ғ.к. Абенова Лаззат Усмановна мен «Өнер» кафедрасының қауымдастырылған профессор м.а., философия докторы (PhD) Небесаева Жанар Орынбековнаның кандидатуралары өтіп отыр. Үміткерлердің өмірбаяны, еңбек жолымен Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Абдуразова Перизат Әділбекқызы таныстырып өтсін.

Перизат Әділбекқызы: Лаззат Усмановнаның жалпы ғылыми-педагогикалық еңбек өтілі – 33 жыл. 1964 жылы 5 мамырда Оңтүстік Қазақстан облысының көзіргі Асықата ауданында дүниеге келген. 1983-1988 жылдары Алматы қаласындағы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті «Филология» факультетінде «Араб, қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша білім алған.

Еңбек жолын 1988 жылы И.Жансүгіров атындағы Талдықорған педагогикалық институтынан бастап, 1989 жылдан 1996 жылға дейін М.Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институтында оқытушы, аға оқытушы болып жұмыс істеді.

1996 жылдан бері Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ ЖОО, 1998 жылдан «Сырдария» университетінде аға оқытушы, «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының менгерушісі, Ғылыми кеңес хатшысы ретінде еңбек етсе, 2010-2013 жылдар аралығында «Гуманitarлық білім» факультетінің деканы, Тәрбие проректоры қызметтерін атқарды. Қазіргі кезде «Филология» кафедрасының қауымдастырылған профессор міндестін атқарушы және университеттің Фалым хатшысы.

Л.У.Абенова 2010 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде филология ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін кандидаттық диссертация қорғады. 50-ден астам магистранттарға жетекшілік етті. Түрлі байқауға дайындаған студенттері республикалық конкурстар мен жарыстарда жүлделі орындармен марапатталды (Фатуллаева Ұ., Данияр А., Сатуов Б., Ермекбай Е.). 2020 жыл-27-28 ақпан күндері аралығында Абай атындағы ҚазҰПУ-да өткізілген «XXI ғасыр педагогикасындағы Абай мұралары» атты республикалық педагогикалық олимпиаданың «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының студенттерінен құрылған Абенова Л.У. жетекшілігіндегі «Таным» командасы 2 орын жүлдегері атанды.

Абенова Ләzzат Усмановнаның ғалым ретінде 100-ден астам ғылыми еңбектері жарық көрген, жоғары ұлттық аттестаттау комиссиясы ұсынған ғылыми жарияланымдар тізіміне енгізілген журналдарда және Scopus, Thomson Reuters, Web of Science базасына кіретін шетелдік журналдарда, сондай-ақ ғылыми-практикалық конференциялар еңбектерінің жинақтарында жарияланған және 2 монография, 2 оқулық, 5 оқу құралы, 13 авторлық қуәліктері бар.

2020-2021 оқу жылының соңында «Оқытушы студенттер көзқарасымен» атты студенттер арасында жүргізілген сауалнама нәтижесінің орташа балы - 9,7 бағалау шәкілін құрады.

Небесаева Жанар Орынбековна 1989 жылы Түркістан облысы Шымкент қаласында дүниеге келген. 2011 жылы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің Педагогика және мәдениет факультетін 050107-Бейнелеу өнері және сзызу білім беру бағдарламасы бойынша үздік аяқтады. 2013 жылы М. Әуезов атындағы ОҚМУ магистратурасын бітірді. 6M010700-Бейнелеу өнері және сзызу білім беру бағдарламасы бойынша.

2014 жылы Небесаева Ж.О. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің докторантурасына 6D010700 - Бейнелеу өнері және сзызу білім беру бағдарламасы бойынша оқуға түсті. 2018 жылы ҚР БФМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің шешімімен "6D010700 - Бейнелеу өнері және сзызу" мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесі берілді (2018 жылғы 6 наурыздағы № 413 бұйрық).

2019 жылдан бастап - осы күнге дейін Ж.О. Небесаева Жетісай каласындағы, Сырдария университетінде «Дизайн және өнер» факультетінде жұмыс атқарады. Ж.О. Небесаева ЖОО-да 10 жыл жұмыс етілі бар. Жұмыс істеген уақытында білім беру саласындағы ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлауға және қайта даярлауға үлкен үлес қосты.

Ж.О. Небесаева ғылыми қызметпен белсенді айналысады, сондай-ақ ҚР БФМ қаржыландыратын біркатаρ жобалардың аға орындаушысы болып табылады:

1. Жоғары көркем білім берудегі "Мәңгілік ел" идеясы аясында ұлттық сана мен мәдени құндылықтарды жаңғырту" (2018-2020);
2. Дәстүрлі және қазіргі заманғы ұлттық көркемдік білім беру өнеріндегі экодизайн эволюциясы (2020-2023).

Ғылыми зерттеулердің нәтижелері бойынша 100-ден астам ғылыми жұмыстар жоғары ұлттық аттестаттау комиссиясы ұсынған ғылыми жарияланымдар тізіміне енгізілген журналдарда және Scopus, Thomson Reuters, Web of Science базасына кіретін шетелдік журналдарда, сондай-ақ ғылыми-практикалық конференциялар еңбектерінің жинактарында және т.б. жарияланған.

Сондай - ақ 03.11.2020 ж. Небесаева Ж. О. 6D 010300 - Педагогика және психология, 6D 010700-Бейнелеу өнері және сзыу мамандықтары бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беру бойынша диссертациялық кеңестің мүшесі болып табылады.

Төраға: Рахмет, сұрак, ұсыныс-пікірлерің бар ма? Жоқ болса, Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2021» атағын беру конкурсына қатысу үшін «Филология» кафедрасының қауымдастырылған профессор м.а., ф.ғ.к. Абенова Лаззат Усмановна мен «Өнер» кафедрасының қауымдастырылған профессор м.а., философия докторы (PhD) Небесаева Жанар Орынбекқызының кандидатураларын дауысқа салайық. Қарсы, қалыс – жоқ, бірауыздан.

ҚАУЛЫ ЕТТИ:

1. ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2021» атағын беру конкурсына «Филология» кафедрасының қауымдастырылған профессор м.а., ф.ғ.к. Абенова Лаззат Усмановна мен «Өнер» кафедрасының қауымдастырылған профессор м.а., философия докторы (PhD) Небесаева Жанар Орынбекқызының кандидатуралары ұсынылсын.

Ғылыми кеңес төраға

Ғалым хатшы м.а.

Б.Токмурзаев

П. Абдуразова